

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№45 «Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорын нәтижелері туралы**

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақтөбе қаласы

«10» желтоқсан 2021 жыл,
14 сағат 00 минут

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2021 жылғы 21 маусымда бекітілген екінші жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде, 2021 жылғы 06 желтоқсан – 10 желтоқсан аралығында «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№45 «Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мекемесіне мемлекеттік аттестаттау жүргізілді.

Мемлекеттік аттестаттау Департаменттің 2021 жылғы 03 желтоқсан №290-нқ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда өткізілді:

1.Кемешов Аскар Жайлыбаевич – Білім сапасын сырттай бағалау бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы;

2.Оралбаева Тоғжан Таңатқызы – Ақтөбе қаласы, №18 «Гаухар» бөбекжай балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі;

3.Жетилгенова Дина Набиевна – Ақтөбе қаласы, «№1 «Гүлдер» балабақшасы» МКҚК меңгерушісі, комиссия мүшесі;

4.Әминова Саягүл Аманбекқызы – Ақтөбе қаласы, «№23 «Балауса» балабақшасы МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

5.Жантурсина Гаухар Сабыровна – Ақтөбе қаласы, «№25 «Ерке» балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

6.Садыкова Кулан Казбаевна – Ақтөбе қаласы, «№12 «Инжугүл» балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

7.Сағынтаева Гулайым Сағынтаевна - Ақтөбе қаласы, №18 «Гаухар» бөбекжай балабақшасы» МКҚК әдіскері, комиссия мүшесі;

Комиссиямен Бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру

қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№45 «Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын мекемесінің өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметтің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет	
Білім беру ұйымының толық атауы. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№45 «Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	
Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы мен нақты орналасқан мекенжайы). Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Бөкенбай батыр көшесі, 153 Д ғим.	
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, web-сайт). телефон, факс: 8-7132-74-30-28, 74-30-29; электронный почта altunbala_vslj@mail.ru .	
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшысының Т.А.Ә., қызметке тағайындалуы туралы бұйрық көшірмесі). Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Туребаева Динара Талғатовна, 2015 жылы 12 ақпан №18 Ақтөбе қаласының білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған. Тел: 87016570922	
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі). Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімімен 03.08.2021 жылы берілген, БСН-141240007420, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 08.12..2014жыл.	
Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 08 сәуіріндегі №KZ14RVK00001690 берілген хабарлама. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.	
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:	
1)	Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (<i>нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген</i>) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҮОЖ) сәйкестігі. Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы» аптасына 5 күндік жұмыс жасайтынын барлығы (1 жастан – 5 жас) аралығында 13 топ жинақталғанын, тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілетінін

	<p>көрсетті.</p> <p>№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының» өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстың оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» (бұдан әрі-ҮОЖ) негізделіп құрылған және бекітілген.</p> <p>2017-2018,2018-2019,2019-2020,2020-2021,2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспарлары оқу жүктемесінің сағат сандарында ауытқушылық анықталмады. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған. Әр топтың жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас»,«Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ. Осыған орай оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметі 2021-2022 оқу жылында МЖМБС мен ҮОЖ басшылыққа ала отырып құрылғаны және бекітілгені анықталды.</p>
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» №557 бұйрығымен бекітілген 1- қосымшасы талабына (12.05.2020 ж. №195 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) сәйкес келеді.</p>
2)	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру; тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру; "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт - дәстүрлер мен жалпы адамни құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру. <p>Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы аталған талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында балабақшаның мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену</p>

дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыруда, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз етуде қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсаты арқылы жұмысты жоспарлағаны анықталды.

Осы міндеттерді орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырып, оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларына; мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру бағытталған.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда. Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде тәрбиешілер және басқа да педагогтер қазақ тілі мұғалімі, орыс тілі мұғалімі, музыка маманы стандартқа сай құрастырылған. Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін орындауды талапқа сай қарастырылған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған.

Аталған жылдар бойынша 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы перспективалық жоспарға сәйкес циклограммалары ұсынылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша тәрбиешілердің бейнесабактары мен перспективалық жоспарларын зерделеу оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ұстанған.

Педагогтердің бейнесабактары үзінді ретінде берілген. Алайда педагогтердің кәсіби шеберлігін шындауды қажет етеді.

Тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын жасау бойынша балабақша психологының жылдық жұмыс жоспары бекітілген, зерделеуге қажетті жүргізілген жұмыстарының материалдары талапқа сай қарастырылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында мектеппен байланыс жұмыстарында мектепке саяхат жасау, мектеп және балабақша педагогтарының өзара байланыс жұмыстары бар. Оқу ісі қызметтерін, ертеңгіліктерге, спорттық шараларға қатысуы жоспарланған және материалдары талапқа сай қарастырылған.

Тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметіне дайындау бойынша бейнесабактарға жүргізілген зерделеуде ұйымдастырылған оқу қызметі барысында әртүрлі топтағы балалардың жеке және жас ерекшеліктері ескерілген. Әр баланың жеке даму мүмкіндігі мен ерекшелігі ескерілген.

4 К моделіндегі дағдылардың ойын тапсырмалары қарастырылған.


"Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша анықталғаны: балабақшаның жылдық жұмыс жоспарында «Тіл туралы» ҚР Заңының орындалуы жоспарланған.

	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: 1)Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымша, 2-тарау 4-тармақ 2) тармақшасы талабына сәйкес келеді.</p>
3)	<p>МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру.</p> <p>Талдау нәтижелері: Аталған өлшеуіштер бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында бейнематериалдары бойынша балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік – кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырылғаны анықталды.</p> <p>Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: дүкен, шаштараз, табиғат орталығы, шығармашылық бұрышында керекті құралдары, боямақ, бастыру трафареттері, пішіндер, кестелер. Таным саласы бойынша түрлі фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, танграмм ойындары, жалаушалар, доптар, атрибуттар, дамытушылық ойындары, картотека жинағы және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар көптеп жинақталған.</p> <p>Балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі - заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1 – тараудың 2-тармағының б) тармақшасы негізге алынған.</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны бойынша білім беру салаларына жүргізілген зерделеу барысында анықталғаны:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.«Денсаулық» білім беру саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған, жас ерекшеліктеріне сай қажетті жағдайлар жасалған. Заманауи спорттық құралдар, үлкен-кіші доптар түрлері, кубиктер, кеглилер, гимнастикалық таяқшалар, отырғыштар, көрпешелер, қимылды ойындар жиынтығы жеткілікті деңгейде жинақталған. 2.«Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, сюжетті рольдік ойындар толық қамтылған (дәріхана, кітапхана, тігінші, дүкенші, асхана ойын құралдары); 3.«Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада театрланған қойылым атрибуттары, ертегі кейіпкерлері бейнеленген қуыршақтар түрлері, түрлі-түсті фетрден тігілген маскалар, «Театр бұрыштары» толық жабдықталған. 4.«Таным» білім беру саласы бойынша әр топ түрлі сенсорикалық ойын құралдарымен жабдықталған; мектепалды даярлық топтарында әр балаға арналған үстел үсті сандық кілемшелер орналастырылған. 5.«Әлеумет» білім беру саласы бойынша «Ұлттық бұрыштар», «Табиғат бұрышы» «Өзін-өзі тану» бұрышы толықтай жабдықталған.
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- тарауының 8-тармағы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» № 499 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 № 412 бұйрығымен бекітілген) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12</p>

тамыздағы №499 бұйрығына 1- қосымшасының 1 тарауының 3 тармағы талаптарына сәйкес келеді.

- 4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы
- Талдау нәтижелері:** № 45 «Алтын бала» бөбекжай – балабақшасында бағалау өлшемшарттары бойынша талдауға ұсынылған материалдарды зерделеу барысында педагог кадрлардың «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы біліктілігінде келесі көрсеткіштер анықталды:

Педагогтардың білімі туралы мәлімет



2017-2018 оқу жылымен 2021-2022 оқу жылдары аралығында мектепке дейінгі ұйым басшысы, әдіскері және тәрбиешілерінің жалпы санынан «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша жоғары білімді 2017-2018 жылы 8 (23 %) болса, 2021-2022 оқу жылында 12 (38%) сапалық құрамының өсу динамикасы байқалады. Ал, «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығының арнаулы орта білімі бар мамандары 2017-2018 оқу жылында 9 (26%) болса, ал 2021-2022 оқу жылында 7 (22%) жеткен. Яғни, арнаулы білімді мамандардың саны азайып, жоғары білімді мамандардың көбейгенін байқауға болады. Зерделеу барысында диплом бойынша мамандығына сәйкес келмейтін 7 педагог анықталды:

№	Тегі аты, жөні	лауазымы	Бітірген оқу орны, жылы	біліктілігі	диплом
1	Елепбергенова Акмаржан Сагимбаевна	тәрбиеші	Ақтөбе гуманитарлық колледжі	Бастауыш сынып мұғалімі, информатика пәні мұғалімі	ТКБ № 1229317 Тіркеу № 155 27.11.2019 берілген.
2	Жалмағамбетова Гульнар Ырзағалиевна	тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті	Жоғары білімді бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімі	ЖБ № 0050926 Тіркеу №231 21.01.2018 берілген

3	Койшина Айнұр Карткожакова	тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті	Жоғары білімді бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі мұғалімі	ЖБ № 0385571 Тіркеу №2865 2003 берілген
4	Кушанова Ботағоз Биршинбаевна	тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті	Психолог, психология пәнінің мұғалімі	ЖБ № 0033129 Тіркеу № 897 20.06.2008 берілген
5	Молдан Акмоншак Бахбергенқызы	тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті	Педагогика және психология	ЖБ - Б № 0891879 Тіркеу № 403 06.06.2016 берілген
6	Кожаква Айман Жалғасовна	тәрбиеші	Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті	Кәсіптік жоғары білімді бастауыш сыныптар мұғалімі	ЖБ № 0699622 Тіркеу № 0233 05.04.2006 берілген
7	Сутгер Елена Викторовна	тәрбиеші	Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжі	Бастауыш білім беру мұғалімі	ТКБ № 0580859 Тіркеу № 450 08.06.2014 берілген

	Педагогтар саны	Жоғары санат	I санат	II санат	Санаты жоқ
2017-2018	34	0	2	5	27
2018-2019	30	1	2	10	17
2019-2020	32	0	4	8	20
2020-2021	33	1	4	13	15
2021-2022	32	1	3	14	14

2017-2018 оқу жылында санаты жоқ педагогтар саны 27 (79 %) құраса, 2021-2022 оқу жылдары аралығында санаты жоқ педагогтар саны 14 (44%) пайызға азайған.

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіру мақсатында облыстық біліліктілікті арттыру, қайта даярлау, жаңартылған білім мазмұны бойынша курстардан өткен.

Ұлттық білімдік деректер қоры бойынша 36 педагог тіркелген, берген мәлімет бойынша 32 педагог.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының

үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» N 338 Бұйрығымен (ҚР Білім және ғылым министрінің 30.04.2020 № 169 бұйрығымен өзгерістер болған) бекітілген 2-тарау, 4-параграф 19-тармағының талабына сәйкес келмейді.

5) Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау.
Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болмағандығы анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ: Балабақшада инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болмауы себепті қаралған жоқ.

6) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Талдау нәтижелері:

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге ұсынылған материалдар талдауы өткен төрт оқу жылында баланың даму мониторингі өзін-өзі аттестаттау қортындысында қағаз жүзінде көрсетілген. Жеке дамуы карталары ұсынылған. Баланың жеке даму картасында білім беру бес саласы бойынша бастапқы, аралық, қорытынды түзету іс-шараларымен жұмыс жүргізілген.

Оқу жылдары	Кіші топтар	Ортаңғы топтар	Ересек топтар	Мектепалды даяр. топтар	Барлығы
2017-2018	4	3	3	3	13
2018-2019	4	3	3	3	13
2019-2020	5	3	2	3	13
2020-2021	1	3	4	5	13
2021-2022	2	4	3	4	13

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған жиынтық есеп бойынша анықталды.

Жылы	Барлық баланың саны	2 жас баланың саны	Оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар балалар	%	3 жас	Оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар балалар	%	4 жас	Оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар балалар	%	5 жас	Оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар балалар	%
2017-2018	429	45	30	66	103	74	72	105	100	95	176	174	99
2018-2019	420	27	22	81	109	91	83	99	97	97	185	185	100
2019-2020	367	22	27	77	104	73	70	104	81	78	137	137	100

	2020-2021	368	22	15	68	75	58	77	135	110	81	136	135	99
	2021-2022	389	54	9	16	120	52	43	88	78	88	127	110	86
	Бағаланы													
	<p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) 1 қосымшасының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 2- тараудың 7 - тармағы және 4 - тарауының 16 және 17 тармақтарына сәйкес келеді.</p>													
7)	<p>"Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру.</p> <p>Талдау нәтижелері: Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілген. Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар көрсетілген.</p> <p>Зерделеу кезінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы циклограммалар, перспективтік жоспарлардың жинағы толықтай жинақталған.</p> <p>Балабақшаның тәрбиеленушілері жыл сайын облыстық, аудандық, халықаралық конкурстарға қатысқандары анықталды.</p> <p>2017-2018 оқу жылы халықаралық конкурстар бойынша- 9; Республикалық конкурстар- 16; қалалық конкурстар: зияткерлік-1; 2018-2019 оқу жылы халықаралық конкурстар бойынша:73; -шығармашылық, көркемдік конкурстар мен байқаулар -32; Республикалық конкурстар-1; қалалық конкурстар:12; 2019-2020 оқу жылы халықаралық - 10, республикалық-27, қалалық – 34; марапат алған. 2020-2021 оқу жылы халықаралық – 28, республикалық – 73, зияткерлік-39; облыстық -2 сертификат алынған. Бағаланатын кезеңге растайтын құжаттардың көшірмелері қоса берілді.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) 1 қосымшасының 2-тарауы, 8,9-тармағының талабына сәйкес келеді.</p>													
8)	<p>Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бағалық мониторинг) болуы.</p> <p>Талдау нәтижелері: Зерделеу кезінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылған. Талдауға ұсынылған құжаттарды зерттеу көрсеткендей, мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалған. Бақылау парағы 5 білім беру саласы бойынша жасалған. Жиынтық есеп жүргізіліп, білім беру деңгейлері бойынша балалардың деңгейі көрсетілген.</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (ҚР Білім және ғылым министрінің</p>													

	05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған) 1- қосымша 2- тарау 7-тармағы және 4 - тарау 17- тармақтарына сәйкес келеді.
	3. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:
